АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АТЫРАУ ҚАЛАЛЫҚ
ПЕРЗЕНТХАНАСЫ» ШЖҚ КМК

КГП на ПХВ
«АТЫРАУСКИЙ ГОРОДСКОЙ
РОДИЛЬНЫЙ ДОМ»
УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2026н 8 шілде
Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 248-О
город Атырау

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес, рентген жабдығын (иондаушы сәулелену көзін) қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу және қолданыстағы құжаттаманы нормативтік талаптарға сәйкес келтіру қажеттілігін, сондай-ақ сапалы қызметтерді алу үшін білікті мамандарды тарту қажеттілігін ескере отырып, бәсекелестік тәсілдермен мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу мерзімдерінің ұзақтығын назарға ала отырып,

БҰЙЫРАМЫН:

"Спектр" Қауіпсіздік және қызметкерлерді оқыту орталығы" ЖШС әлеуетті өнім берушісінен жалпы сомасы 300 000 (үш жүз мың) теңгеге рентген жабдығын пайдалану және радиациялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік-техникалық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, түзету және қолданыстағы талаптарға сәйкестендіру бойынша көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

Сатып алу нысаны ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес радиациялық қауіпсіздікті ұйымдастыру, иондаушы сәулелену көздерін қауіпсіз пайдалану, өндірістік радиациялық бақылау және рентген жабдығын пайдалану бойынша қажетті құжаттамаларды әзірлеу және түзету қызметтері белгіленсін.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға жауапты тұлға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізуді және тиісті шарт жасасуды қамтамасыз етсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Директор — **Туребаев С.О.**